

## Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 625 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 268 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.04.2022 № 268 қаулысымен.**

"Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 1-3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес (бұдан әрі – Кеңес) құрылсын.
2. Мыналар:
  - 1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Кеңестің құрамы;
  - 2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Кеңес туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

*A. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2020 жылғы 1 қазандағы  
№ 625 қаулысына  
1-қосымша

## Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңестің құрамы

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрі, төраға  
Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министрі,  
төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі  
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы, төрағаның  
орынбасары

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі  
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары, хатшы

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі

Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму  
вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі  
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі

Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары (келісу бойынша)

"Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары (келісу бойынша)

Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау коалициясының төрағасы (келісу бойынша)

"Қазақстан" тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісу бойынша)

"Әділет" тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісу бойынша)

"Гарант" тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісу бойынша)

"Сапа" тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұлттық қоғамы" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісу бойынша)

"Қазақстан тұтынушылар лигасы" қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрағасы (келісу бойынша)

Қазақстан Төрелік палатасының төрағасы (келісу бойынша)

Медиаторлардың ұлттық палатасы басқармасының төрағасы (келісу бойынша)  
)

2020 жылғы 1 қазандагы

№ 625 қаулысына

2-көсімшә

## **Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес туралы ереже**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес (бұдан әрі – Кеңес) – Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан құрылатын консультациялық-кеңесші орган.

2. Кеңес тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу мақсатында құрылды.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

### **2-тaraу. Кеңестің міндеті**

4. Кеңестің негізгі міндеті тұтынушылардың құқықтарын қорғау және:

1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік саясатты;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың, тұтынушылар дауларын сотқа дейін реттеу субъектілерінің және тұтынушылардың заңды мүдделерін білдірушілердің қызметін;

3) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын;

4) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, қауымдастықтардың (одақтардың), оның ішінде олардың қоғамдық бақылауды жүзеге асыру қызметтерін жетілдіру мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

### **3-тaraу. Кеңес қызметінің тоқтатылуы**

5. Кеңестің қызметін ұйымдастыру және оның тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК